

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ  
МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**



**АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ  
КАЗАХСТАНА И СТАНОВЛЕНИЯ  
КАЗАХСТАНСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ**



Қазақстан Республикасының мәдениет  
және ақпарат министрлігі  
Министерство культуры и информации  
Республики Казахстан

«Согласие народов» қоғамдық қоры  
Общественный Фонд «Согласие народов»

## ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сарапшы пікірлерінің материалдары

## АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА И СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

Материалы экспертных мнений

АСТАНА

2013

УДК 94 (574)

ББК 63.3

Данный сборник опубликован Общественным Фондом «Согласие народов» при поддержке Министерства культуры и информации Республики Казахстан по результатам проведенных мероприятий.

**Редакционная коллегия:**

Кабульдинов З.Е. – д-р ист. наук, профессор (ответ. ред.)

Козыбаева М.М. - магистр истории, докторант PhD (ответ.

Секретарь)

Маслов Х.Б. – магистр археологии и этнологии, докторант PhD

**Актуальные вопросы истории развития Казахстана и становления казахстанской государственности. Материалы экспертных мнений. - Астана: "Есиль-Издат", 2013 - 583 с.**

**ISBN 978-601-80179-6-1**

Настоящее издание включает обзор экспертных мнений ученых, общественных деятелей по актуальным вопросам изучения и преподавания национальной истории. В сборник включены материалы мероприятий (конференций, круглых столов, совещаний, конкурса студенческих научных статей и т.д.), проведенных ОФ «Согласие народов» при поддержке Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

Сборник адресован всем, кто интересуется историей Казахстана.

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІҢ ОРНЫ (Ш.УӘЛИХАНОВ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗİNДЕ)

Әбсадықов А., ф.ғ.д.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің профессоры

Фольклордың тарихи шындықпен қарым-қатынасы мәселесінің ғылыми зердедегі танымы өте күрделі және сан қырлы: «фольклор мен тарих», «тарихи шындық пен фольклор» деген мәселелер ерте кезден-ақ әлем ғалымдардың назарын аударып, арнайы зерттеулердің, ізденістердің нысанасы болып келеді. Тіпті, ғылым-ілімі дамыған елдерде фольклорлық шығармалардан «таза тарих» жасаушылар мектебі болғаны да белгілі. Мұндай ғылыми талпыныстың себебі де негізсіз емес еді, өйткені фольклор – бір жағынан филологиялық, екінші жағынан тарихи да мәні бар мәдени мұра.

Қос ғылымының, кейде бірнеше ғылымның тоғысында қаралатын фольклордың тарихи оқиғалар мен тұлғаларға, өмір, оқиға шындығына тікелей де, жанама да қатысы бар. Ол белгілі бір уақытта өмір сүрген тарихи қайраткерлер туралы әңгімелейді, халықтың тарихқа қатысын, қозқарасын, маңызды оқиғалар мен көрнекті тұлғалардың қызметіне берген бағасын көрсетеді. Бірақ халық танымы мен тағылымынан сусындайтын фольклорлық шығарма тарихи оқиғаларды, тұлғаларды біраз өзгертіп суреттейді. Фольклорлық түрлі жанрлардың шындыққа қатынасы әр қилы. Айталық, эпос пен ертегі немесе тарихи жырлар мен аңыздар тарихи оқиғаны әр түрлі деңгейде бейнелейді. Егер ертегіде тарихи шындықтың бейнеленуі өте сирек және көмескі көрінсе, қаһармандық жыр мен тарихи эпоста шындық біршама айқынырақ болады. Ал аңыздарда болған оқиғаның ізі әлдеқайда басым жатады, тіпті, кей жағдайларда тарихи аңыздардың сюжеті тарихи құжаттардың мазмұнымен үндес келеді. Сол себепті аңыздарды қажетті деңгейде тарихтың бір көзі, яки болмаса тарихи құжат деп қарастыру да бар. Басқаша айтқанда, оның тарихилығы күшті. Оны халықтың да болмасын елеулі оқиғалар мен айтулы тұлғалар жайында, белгілі бір мекен-жайдың атауы жайында айтатын ауызекі тарихы деп те бағалауға болады. Осы орайда мына қағидалы тұжырымды қадап айтқан жөн: халықтың ауызша айтылған тарихына бағаланатын аңыздарды «таза тарих» деп қарауға және баяндалатын оқиғалар сол алғашқы тараған тұсынан еш өзгеріске ұшырамай, шындық қаз-қалпында қалған деп үзілді-кесілді тануға болмайды, екінші сөзбен айтқанда, аңыздық деректердің барлығын бірдей ақиқат, шынай шындық деп қабылдау

орынсыз. Себебі аңызға айналған қандай да болмасын белгілі бір тақырып факті уақыт өте келе өзгеріп, қалыптасқан тарихи жағдай мен сол тарихтің өмір сүрген ұрпақтың қозғарасына орай бейімделіп, сұрыпталып, өзгеріп өңделеді. Ескі түсініктерді жаңа ұғымдар, танымдар, түсініктермен ауыстырады. Сөйтіп, ол үнемі қозғалыс, өзгеріс үстінде болады. Мәселен, Мәлім пайым - халық мұрасын зерттеушілердің арасына тұрақты орын алған пікір. Сондықтан аңыздарды тарихи оқиғалардың тура баяны емес, халық тарапынан сұрыпталған, сан ұрпақтың сүзгісінен өтіп екшеп шыққан ауызша дерек көзі деп бағалаған орынды. Халықтық сипаты белгілі болып отыратын аңыздарда қайсыбір болмасын тарихи оқиғалардың баяны емес, сол оқиға қатысушы тұлғалардың бейнесі, іс-әрекеті кейінгі ұрпақтың қозғарасы мен біліміне орай, қалауына, арман-аңсарына қарай дүркін-дүркін жаңғырып, өзгеріп отырады.

Халық шығармаларының арасында тарихи аңыздардың маңызы ерекше. Тарихи аңыздар – қай халықтың да болмасын елеулі оқиғалары мен айтулы тұлғалар жайында, белгілі бір мекен-жайдың ата-бабалары жайында айтатын ауызекі баян, әңгіме. Онда халықтың басынан өткен істері мен сан алуан оқиғалардың баяны, ел есінде сақталған тарихи тұлғалардың іс-әрекетіне берілген бағалары, тарихи дамудың түрлі кезеңінің ұрпақтан-ұрпаққа берер тағылым түйіні, ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы туралы тарихында болған оқиғалар мен айтулы тұлғалар туралы хабар-деректер сақталып жеткен.

Қазақ тарихи аңыздардың мән-маңызы жайлы құнды пікір қалдырған ғалымдардың бірі – Ш.Уәлиханов. Қазақ фольклортануында алғашқы айрықша із қалдырған Шоқан Уәлихановтың халық шығармашылығына деген ғалымдық ықыласы мен ынтасының ерте оянуына табиғат анасы берілген талант пен зерде-санаға қоса дүниеге келген шақырақтай сұлтандық білім-тәрбие, өскен ортаның онегесі мен кейінірек білім алған ғылыми мектебінің (кадет корпусы, орыс зерттеуші-ғалымдармен қарым-қатынасы) дәстүрі мен ықпалы айтулы септігін тигізеді.

Қазақ даласының билігі Ресей иелігіне өткен XIX ғасырда отаршылдық жүйе өзіне бағынышты жұрттың тарихын, ауыз әдебиетін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін түпкі мақсаты отарлық мойынұсындыруды көздеген астарлы саясаттың аясында зерттеу бастады. Ресейдің әскери офицерлері мен мемлекет қызметіндегі шенеуніктер, ғалымдар мен саясатшылар халықтанудың ең бір көлемді саласы-фольклорды жинау, зерттеу істерімен көп шұғылданады. Орыс зерттеушілермен қатар қазақтың беделді бай-торелері, оқығандары азаматтары бұл істен шет қалмады және олар бұған әкімшілік тарапынан тартылды, шақырылды. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен ауыз әдебиеті нұсқаларын жинауды ұсынған орыс әкімшілігінің бастамасымен қазақ даласында сол әкімшіліктің ісін жүргізетін Уәлихан әулеті

Шорман әулеті, Құнанбай Өскенбайұлы, Шыңғыс Жанторин, Шыңғыс Тұрғанов сынды белсенді ел адамдары үн қосты.

Уәлихан әулетінде дүниеге келген Шоқанның қазақ фольклористикасындағы ғылыми еңбегінің орны өзгеше, ерекше құбылыс. Ол – қазақ фольклорының жанрлық белгілері жайлы алғаш пікір айтқан ғалым. Фольклорлық шығармалардың ішінде Шоқанның айрықша ден қойғаны – аңыздар. Ш.Уәлиханов - қазақ аңыздарын алғаш жазушы және қазақ фольклористика терминіне “тарихи аңыздар” деген термин атауын енгізіп, аңыздардың жанрлық ерекшелігі жайында келесі пікір қалдырған ғалым. Сонымен қатар, ғалым тарихи прозаның шын жанрлық белгілерін де аңғара білген. Ол тарихи шындыққа қатысы тұрғыше болып келетін “предание” (аңыз), “легенда” (эпсана) терминдерін өзінің зерттеулеріне қолдана білген. Аңыз жанрына қатысты Шоқан қаламынан шыққан “ХҮШ ғасырлардағы батырлар жайындағы тарихи аңыздар”, “Қырғыз (қазақ) шежіресі”, “Ұлы жүз қалаларының аңыздары мен эпсаналары” деген еңбектері бар.

Ғалымның “ХҮШ ғасыр батырлары туралы аңыздар” еңбегіне 14 аңыз жинақталған. Аңыздар мазмұнында қазақ тарихындағы белгілі тұлғалар – Бұқар жырау, Тәтіқара жырау, Шақшак Жәнібек, Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Байғозы т.б. батырлардың ерліктері баяндалады және бірлік аңыздар Абылай хан есімімен байланысты айтылады. Зерттеушінің бұл аңыздарды бір жүйеге салып, Абылай хан есіміне байланысты сұрыптауында айрықша мән жатыр. Бұл үлкен ғылыми зерттеу жұмысына арнайы сұрыпталған жинақ тәрізді. Біздіңше, ғалым эпикалық туындылардағы бір тарихи тұлғаның немесе ел тарихындағы белгілі бір кісінің маңына атакты кейіпкерлер мен баяндауларды тұтастандыратын (циклизация) құбылысының ғылыми пайымын анықтауға бағытталған. Шоқан бұл жинақтағы аңыздық деректерді өзінің “Абылай” атты биографиялық мақаласына да пайдаланады [1.111].

Ғалымның тарихи аңыздардың ерекшеліктері жайлы кең пікір айтып, аңыздарды жазба тарихи деректермен салыстыра қарауы “Қырғыз (қазақ) шежіресі” атты еңбегінде көрініс тапқан. Қазақ халқының шығу тегіне шолу жасаған бұл еңбегінде тарихи аңыздардың жанрлық белгілері жөнінде пікірлер айтады: “... Бұл одақтың (үш жүздің А.Ә.) жеке тәуелсіз ел болып өмір сүре бастаған уақытын дәл анықтау өте қиын, тіпті мүмкін емес. Дегенмен, халық аңыздары бұл жайында біршама дәл хабар береді, бірақ ол нақты тарихи дерек емес. Тұрмыс-тіршілік жайындағы халық аңыздары, әсіресе, тарихи аңыздар өте қызғылықты, бірақ маңызды деп айта алмаймын. Әйтсе де, қазақ аңыздары өте қарапайым, ұғымды әрі ақынға сыйымсыздық пен әсірелеушіліктің жоқтығымен құрметті орынға лайық

үлгісіне алады. Ғалым мұраларындағы казак аңыздары туралы пікірлері -  
ордадағы ең алғашқы казактанардың бірі деп атауға негіз бар деп есептейміз.

### Пайдаланган әдебиеттер:

1. Валиханов Ч.Ч. Аблай// Соб.соч. в 5-ти т. т.IY. А.,1985.

2. Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие// Соб.соч. в 5-ти т. т.II.  
А.,1985.

3. Каскыбасов С. Қазақтың халық прозасы.-Алматы: Ғылым, 1984.-



**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Сарапшы пікірлерінің материалдары**

**АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ  
КАЗАХСТАНА И СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОЙ  
ГОСУДАРСТВЕННОСТИ**

**Материалы экспертных мнений**

Подписано к печати 29.11.2013 г.

Тираж – 300 экз.

Печать офсетная, формат 60 x 84 1/16

Отпечатано в полиграфии «Есиль-Издат»

010000, г. Астана, ул. Манаса, 14/3, 23

Тел./факс: 8 /777/ 416 67 44